



positioning
patients for life.®

ӨНІМ НҰСҚАУЛЫҒЫ ЖӘНЕ ПАЙДАЛАНУШЫ НҰСҚАУЛЫҒЫ

Operon® томографиялық қондырма құрылғысы
OZ 7520175: 91.4 cm (36 дюймдік) тірек аяғы жоқ
қондырма

OZ 7521275: 111.8 cm (44 дюймдік) тірек аяғы бар
қондырма

Operon® педиатрлық үстелінің аксессуары
OZ 7520304 және OZ 7520375

D-Series үстелдерге арналған





EC	REP	Advena Limited Tower Business Centre, 2nd Flr Tower Street, Swatar, BKR 4013 Malta		АҚШ-та жасалған Qfix 440 Church Rd, Avondale, Pennsylvania, USA +1 610-268-0585 www.Qfix.com
----	-----	---	--	---

Operon® – Stryker компаниясының тіркелген сауда белгісі.

Cidex® – Johnson & Johnson компаниясының тіркелген сауда белгісі.

Clorox® – The Clorox Company компаниясының тіркелген сауда белгісі.

МАЗМҰНЫ

ЖАЛПЫ САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ	4
ЕСКЕРТУ МӘЛІМДЕМЕЛЕРІ	4
ҚОСЫМША ЕСКЕРТУЛЕР	4
ЕЛЕУЛІ ОҚЫС ОҚИҒАЛАР	4
ЖҮКТЕМЕ КӨРСЕТКІШТЕРІ	4
ЕСКЕРТУ ЖАПСЫРМАЛАРЫ МЕН СИПАТТАМАЛАРЫ	5
ПАЙДАЛАНУ МАҚСАТЫ	6
ПАЙДАЛАНУ НҰСҚАУЛАРЫ	7
111.8 CM (44 ДҮЙМДІК) ҚОНДЫРМА МЕН 91.4 CM (36 ДҮЙМДІК) ҚОНДЫРМАНЫ ОРНАТУ	7
ПЕДИАТРЛЫҚ ҮСТЕЛДІҢ АКСЕССУАРЫН ОРНАТУ	11
ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ	15

ЖАЛПЫ САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ


ЕСКЕРТУ МӘЛІМДЕМЕЛЕРІ

! ЕСКЕРТУ ! БҰЛ ЖАБДЫҚҚА ЕШҚАНДАЙ ӨЗГЕРІС ЕНГІЗУГЕ БОЛМАЙДЫ. ЕГЕР ОСЫ ҚҰРЫЛҒЫНЫҢ ҚАНДАЙ ДА БІР БӨЛІГІНЕ АПАТТЫҚ ЖАҒДАЙҒА СЕБЕП БОЛАТЫН ЖҮК ТҮССЕ, ЗАҚЫМДАЛСА НЕМЕСЕ ДҰРЫС ЖҰМЫС ІСТЕП ТҰРМАСА, ӘРІ ҚАРАЙ ПАЙДАЛАНБАЙ, +1 484-720-6054 НЕМЕСЕ TECHSUPPORT@QFIX.COM МЕКЕНЖАЙЫ БОЙЫНША QFIX КОМПАНИЯСЫНА ХАБАРЛАСЫҢЫЗ.

! ЕСКЕРТУ ! ЕГЕР ЗАҚЫМДАЛҒАНЫ БАЙҚАЛСА НЕМЕСЕ ҚҰРЫЛҒЫНЫ ДҰРЫСТАП БЕКІТУ МҮМКІН БОЛМАСА, ҮСТЕЛДІ НЕМЕСЕ АКСЕССУАРЛАРДЫ ПАЙДАЛАНБАҢЫЗ. ӘРДАЙЫМ ПАЙДАЛАНАР АЛДЫНДА ҚҰРЫЛҒЫНЫҢ ЗАҚЫМДАЛМАҒАНЫН НЕМЕСЕ ТОЗЫП КЕТПЕГЕНІН ТЕКСЕРІҢІЗ.

ҚОСЫМША ЕСКЕРТУЛЕР

- 91.4 см (44 дюймдік) тірек аяғы жоқ қондырманы ПАЙДАЛАНБАҢЫЗ.
- 111.8 см (36 дюймдік) үстелдің кері бағыттағы қондырмасын ПАЙДАЛАНБАҢЫЗ.
- Аксессуардың құлап кетпеуі және емделушіні жарақаттамауы үшін, аксессуардың дұрыс орнатылғанын және іске қосылғанын білдіретін жасыл нүктелердің құрылғының бүйірінде пайда болғанын тексеріңіз.



- Operon® томографиялық қондырманы дұрыс орнату үшін аксессуар арбашасын екі адам пайдалануы керек.
- Operon педиатрлық үстелін дұрыс орнату үшін екі адам керек.
- Operon томографиялық қондырма құрылғысын не Operon педиатрлық үстелін Operon D-Series хирургиялық үстелінен басқа ешбір үстелді ПАЙДАЛАНБАҢЫЗ.

ЕЛЕУЛІ ОҚЫС ОҚИҒАЛАР

Елеулі оқыс оқиғалар (мысалы, өлімге немесе ауыр жарақаттарға әкеп соқтыратын немесе әкелуі мүмкін оқиғалар) туралы Qfix компаниясына да, еліңіздің құзыретті органына да хабарлаңыз.


ЖҮКТЕМЕ КӨРСЕТКІШТЕРІ

- 91.4 см (36 дюймдік) қондырмасындағы жүктемені 181 кг-нан (400 фунт) АСЫРМАҢЫЗ.
- 111.8 см (44 дюймдік) тірек аяғы бар қондырмадағы жүктемені 340 кг-нан (750 фунт) АСЫРМАҢЫЗ.
- Кері бағыттағы 111.8 см (44 дюймдік) тірек аяғы бар қондырмадағы жүктемені 340 кг-нан (750 фунт) АСЫРМАҢЫЗ.
- Педиатрлық үстел аксессуарындағы жүкті 34 кг-нан (75 фунт) АСЫРМАҢЫЗ.
- Кері бағыттағы педиатрлық үстел аксессуарындағы жүкті 34 кг-нан (75 фунт) АСЫРМАҢЫЗ.

ЖАЛПЫ САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ

ЕСКЕРТУ ЖАПСЫРМАЛАРЫ МЕН СИПАТТАМАЛАРЫ


Таңбалардың тізімі мен олардың анықтамаларын Qfix.com сайтынан қараңыз.



ЖҮКТЕМЕ КӨРСЕТКІШТЕРІ—OZ 7520175 (91.4 CM (36 ДҮЙМДІК) ҚОНДЫРМА)

Отыратын бөліктің төменгі артқы жағына FANA бекітіңіз.


181 кг-дық (400 фунт) жүктемені үстел үстіне біркелкі жайғастырыңыз.



ЖҮКТЕМЕ КӨРСЕТКІШТЕРІ—OZ 7521275 (111.8 CM (44 ДҮЙМДІК) ҚОНДЫРМА)

340 кг-дық (750 фунт) жүктемені үстел үстіне біркелкі жайғастырыңыз.

Пайдаланбас бұрын тірек аяғын орнатыңыз.



ЖҮКТЕМЕ КӨРСЕТКІШТЕРІ—OZ 7520304 ЖӘНЕ OZ 7520375 (ПЕДИАТРЛЫҚ ҮСТЕЛ)

34 кг-дық (75 фунт) жүктемені үстел үстіне біркелкі жайғастырыңыз.

ПАЙДАЛАНУ МАҚСАТЫ

91.4 cm (36 дюймдік) және 111.8 cm (44 дюймдік) томографиялық қондырмалар радиологиялық және хирургиялық процедуралар барысында Operon® D-Series хирургиялық үстелдермен пайдаланғанда (D 750, D 752, D 760, D 770, D 820, D 830, D 850 және D 860 үлгілері) емделушіні тіреп тұру үшін жасалған.

Педиатрлық қондырмалар хирургиялық процедуралар барысында Operon D-Series хирургиялық үстелдерін пайдаланғанда (D 750, D 752, D 760, D 770, D 820, D 830, D 850 және D 860 үлгілері) емделушіні тіреп тұру үшін және жайғастыру үшін жасалған.

! ЕСКЕРТПЕ ! Құрама Штаттардың федералдық заңы бойынша бұл құрылғы тек дәрігер тарапынан немесе оның тапсырысы арқылы сатылуы керек.

Мақсатты емделуші топтары

Диагностикалық визуализацияны қамтитын жалпы медициналық немесе хирургиялық ем-шаралардан өтетін емделушілер.

Мақсатты пайдаланушылар

Өнімнің мақсатты пайдаланушысы — аймақтың нормативтік талаптарына сәйкес білікті тұлға.

ПАЙДАЛАНУ НҰСҚАУЛАРЫ

111.8 CM (44 ДҮЙМДІК) ҚОНДЫРМА МЕН 91.4 CM (36 ДҮЙМДІК) ҚОНДЫРМАНЫ ОРНАТУ

- Үстелдің еденге бекітетін құлыптары құлыптаулы екенін тексеріңіз. (1-суретті қараңыз)
- Үстелді және аксессуарды орнатпас бұрын, онда ешқандай тозу белгілері немесе зақым жоқ екеніне көз жеткізіңіз.


! ЕСКЕРТУ ! ТОМОГРАФИЯЛЫҚ ҚОНДЫРМА ҚҰРЫЛҒЫСЫНЫҢ АКСЕССУАРЫН ДҰРЫС ОРНАТУ ҮШІН ЕКІ АДАМ КЕРЕК.

Отыратын бөлікті (аяқ тірегінен тыс) қалыпты бағытта орнату


1. Үстелді АЯҚҚА қарай СЫРҒЫТЫҢЫЗ.
2. Үстелдің аяқ жақ бөлігін алып тастаңыз. (2-суретті қараңыз)
3. Үстел аспасындағы LEVEL (ТЕГІСТЕУ) түймесін басып, аяқ тіректерін бір деңгейге келтіріңіз.
4. Томографиялық қондырманы аяқ тіректеріне тіркеңіз. Ол орнына бекітіледі. Қондырманы аяқ тіректеріне бекіткенде, қондырма мен үстелдің отыратын бөлігінің арасында бос аралық пайда болады. (3-суретті қараңыз)
5. Томографиялық қондырманың толтырғыш тақтасын (OZ 7522675) орнату үшін отыратын бөліктің төсемін алып тастаңыз. (4-суретті қараңыз)



1-сурет



2-сурет



3-сурет



4-сурет

ПАЙДАЛАНУ НҰСҚАУЛАРЫ

6. Отыратын бөлік төсемін үстелге қайта бекітіңіз. (5-суретті қараңыз)



5-сурет

7. Бос аралықты толтыру үшін томографиялық қондырма толтырғышының төсемін бекітіңіз. (6-суретті қараңыз)

! ЕСКЕРТПЕ ! Төсемі бар томографиялық қондырманы толтырғыш тақтаға бөлек тапсырыс берілуі керек. Ол стандартты буманың бөлігі емес.



6-сурет

8. Үстелдің бас жақ бөлігін алып тастаңыз.

ПАЙДАЛАНУ НҰСҚАУЛАРЫ

111.8 см (44 дюймдік) қондырма үшін ГАНА арқа бөлігін кері бағытта орнату. (7-суретті қараңыз)

! ЕСКЕРТУ ! 91.4 CM (36 дюймдік) ҚОНДЫРМАНЫ КЕРІ БАҒЫТТА ПАЙДАЛАНБАҢЫЗ.


1. Үстелді толығымен бас жаққа қарай СЫРҒЫТЫҢЫЗ.
2. Үстел аспасындағы LEVEL (ТЕГІСТЕУ) түймесін басып, арқа тіректерін бір деңгейге келтіріңіз.
3. Томографиялық қондырманы тіркеңіз.
4. Үстелдің үлкен профильді негізін анестезияға қарай бұру арқылы үстелді КЕРІ БАҒЫТҚА қарай бұрыңыз.
5. Қол тірегіңдері REVERSE orientation (КЕРІ БАҒЫТТАУ) түймесін басыңыз.
6. Бас және арқа бөліктерін ажыратыңыз.
7. Арқа бөлігін 111.8 см (44 дюймдік) томографиялық қондырмамен алмастырыңыз.

! ЕСКЕРТПЕ ! Қондырма аяқ тіректеріне бекітілгенде, отыратын бөлікте бос аралық қала береді. (8-суретті қараңыз) Төсемі (OZ 7519975) бар перинаталдық толтырғыш тақтасын бос аралықты толтыру үшін пайдалануға болады.

8. Перинаталдық толтырғыш тақтасын орнату үшін отыратын бөлікті алып тастаңыз және төсемі бар перинаталдық толтырғыш тақтасын бекітіңіз. (9-суретті қараңыз)

! ЕСКЕРТПЕ ! Перинаталдық толтырғыш тақтасы стандартты буманың бөлігі болып есептелмейді, сондықтан оған бөлек тапсырыс беру керек.

9. Отыратын бөлік төсемін үстелге қайта бекітіңіз. (10-суретті қараңыз)



7-сурет



8-сурет



9-сурет




10-сурет

ПАЙДАЛАНУ НҰСҚАУЛАРЫ

10. 91.4 cm (36 дюймдік) немесе 111.8 cm (44 дюймдік) қондырмаға дұрыс бекіту үшін жасыл нүктелердің пайда болғанына көз жеткізіңіз. (11-суретті қараңыз)

! ЕСКЕРТУ ! ЕМДЕЛУШІ ҮСТЕЛДЕ БОЛСА, ТІРЕК АЯҒЫН АЛЫП ТАСТАМАҢЫЗ.



11-сурет

111.8 cm (44 дюймдік) қондырманың тірек аяғын реттеу және орнату

1. Босату үшін аяқты ұстап тұрып, суретте көрсетілген ысырманы тартыңыз. (12-суретті қараңыз)
2. Аяқтың дұрыс орналасқанына көз жеткізіңіз, ол еденге перпендикуляр болуы керек және қондырманың салмағын ұстап тұру үшін еденге тиіп тұруы керек, содан кейін тетікті суретте көрсетілгендей бекітіңіз.



12-сурет

Үстелден томографиялық қондырма құрылғысын алып тастау

1. Томографиялық қондырмада аксессуарлар болса, олардың барлығын алып тастаңыз.
2. Аяқты босату үшін Тірек аяғындағы ысырманы тартыңыз. (13-суретті қараңыз)
3. Қондырманың астындағы аяқты толығымен алып тастаңыз және тетікті босатыңыз. Аяқты қондырманың соңына дейін толығымен ұзартыңыз және тетікті бекітіңіз. (13-суретті қараңыз)
4. Екінші жұмысшының көмегімен қондырманың астындағы ысырмаларды босатып, аксессуарды абайлап алып тастаңыз. (14-суретті қараңыз)



13-сурет



14-сурет

! ЕСКЕРТУ ! АКСЕССУАРДЫ АЛЫП ТАСТАУ ҮШІН КЕМІНДЕ ЕКИ АДАМ КЕРЕК.

ПАЙДАЛАНУ НҰСҚАУЛАРЫ

ПЕДИАТРЛЫҚ ҮСТЕЛДІҢ АКСЕССУАРЫН ОРНАТУ

- Үстелдің еденге бекітетін құлыптары құлыптаулы екенін тексеріңіз. (15-суретті қараңыз.)
- Үстелді және аксессуарды орнатпас бұрын, онда ешқандай тозу белгілері немесе зақым жоқ екеніне көз жеткізіңіз.


! ЕСКЕРТУ ! OPERON ПЕДИАТРЛЫҚ ҮСТЕЛІН ДҰРЫС ОРНАТУ ҮШІН ЕКІ АДАМ КЕРЕК.



15-сурет

Отыратын бөлікті (аяқ тірегінен тыс) қалыпты бағытта орнату

1. Үстелді АЯҚҚА қарай СЫРҒЫТЫҢЫЗ.
2. Үстелдің аяқ жақ бөлігін алып тастаңыз. (16-суретті қараңыз)
3. Үстел аспасындағы "ТЕГІСТЕУ" түймесін басып, аяқ тіректерін бір деңгейге келтіріңіз.



16-сурет

4. Педиатрлық үстелді аяқ тіректеріне тіркеңіз. Ол орнына бекітіледі. Қондырманы аяқ тіректеріне бекіткенде, қондырма мен үстелдің отыратын бөлігінің арасында бос аралық пайда болады. (17-суретті қараңыз)



17-сурет

5. Томографиялық қондырманың толтырғыш тақтасын (OZ 7522675) орнату үшін отыратын бөліктің төсемін алып тастаңыз. (18-суретті қараңыз)



18-сурет

ПАЙДАЛАНУ НҰСҚАУЛАРЫ

6. Отыратын бөлік төсемін үстелге қайта бекітіңіз. (19-суретті қараңыз)



19-сурет

7. Бос аралықты толтыру үшін қондырма толтырғышының төсемін бекітіңіз. (20-суретті қараңыз)

! ЕСКЕРТПЕ ! Төсемі бар қондырманы толтырғыш тақтаға бөлек тапсырыс берілуі керек. Ол стандартты буманың бөлігі емес.

8. Үстелдің бас жақ бөлігін алып тастаңыз.




20-сурет

Кері бағытта орнату (21-суретті қараңыз)

1. Үстелді толығымен бас жаққа қарай СЫРҒЫТЫҢЫЗ.
2. Бас және арқа бөліктерін ажыратыңыз.
3. Қол аспасындағы LEVEL (ТЕГІСТЕУ) түймесін басып, үстелді бір деңгейге келтіріңіз.
4. Арқа бөлігін педиатрлық үстелмен алмастырыңыз.

! ЕСКЕРТПЕ ! Педиатрлық үстел аяқ тіректеріне бекітілгенде, отыратын бөлікте бос аралық қала береді. (22-суретті қараңыз) Төсемі (OZ 7519975) бар перинаталдық толтырғыш тақтасын бос аралықты толтыру үшін пайдалануға болады.

5. Үстелдің үлкен профильді негізін анестезияға қарай бұру арқылы үстелді КЕРІ БАҒЫТҚА қарай бұрыңыз.
6. Қол тірегіндегі REVERSE orientation (КЕРІ БАҒЫТТАУ) түймесін басыңыз.



21-сурет



22-сурет

ПАЙДАЛАНУ НҰСҚАУЛАРЫ

7. Отыратын бөліктің төсемін алып тастап, төсемі бар перинаталдық толтырғыш тақтаны бекітіңіз. (23-суретті қараңыз)

! ЕСКЕРТПЕ ! Перинаталдық толтырғыш тақтасы стандартты буманың бөлігі болып есептелмейді, сондықтан оған бөлек тапсырыс беру керек.




23-сурет

8. Отыратын бөлік төсемін үстелге қайта бекітіңіз. (24-суретті қараңыз)



24-сурет

9. Перинаталдық үстел аксессуарының дұрыс бекітілуі үшін жасыл нүктелердің пайда болғанына көз жеткізіңіз. (25-суретті қараңыз)



25-сурет

ПАЙДАЛАНУ НҰСҚАУЛАРЫ

OR үстелінен перинаталдық үстел аксессуарын алу

1. Перинаталдық үстелде аксессуарлар болса, олардың барлығын алып тастаңыз.
2. Екінші жұмысшының көмегімен педиатрлық үстелдің астындағы ысырмаларды (26-суретті қараңыз) босатып, аксессуарды абайлап алып тастаңыз.

! ЕСКЕРТУ ! АКСЕССУАРДЫ АЛЫП ТАСТАУ ҮШІН КЕМІНДЕ ЕКІ АДАМ КЕРЕК.

! ЕСКЕРТУ ! ПЕДИАТРЛЫҚ ҮСТЕЛДІ АЛЫП ТАСТАМАС БҰРЫН, ЕМДЕЛУШІНІ ҮСТЕЛДЕН АЛУ КЕРЕК. ҮСТЕЛДІ ЖӘНЕ АКСЕССУАРЛАРДЫ ПАЙДАЛАНАР АЛДЫНДА МІНДЕТТІ ТҮРДЕ ТЕКСЕРІҢІЗ.

! ЕСКЕРТУ ! ҚАНДАЙ ДА БІР ЗАҚЫМ БАЙҚАСАҢЫЗ НЕМЕСЕ ҚҰРЫЛҒЫНЫ ДҰРЫС БЕКІТУ МҮМКІН БОЛМАСА, ОНЫ ПАЙДАЛАНБАҢЫЗ.



26-сурет

ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

ЖҮЙЕНІ ТАЗАЛАУ

Томографиялық қондырма құрылғысы мен педиатрлық үстел аксессуарын жұмсақ, сызат түсірмейтін тазалау немесе зарарсыздандыру ерітіндісімен тазалау керек. Тазалау үшін ерітіндіні таза шүберекке жағып, бетін сүртіңіз.

ЖҮЙЕНІ ЗАРАРСЫЗДАНДЫРУ

Төменде көрсетілген тазалағыш материалдар Томографиялық қондырма құрылғысының және педиатрлық үстел аксессуарының беттерін тазалауға жарамды екендігі сынақ нәтижесінде анықталды. Беттерін зарарсыздандыру үшін тазалағыш ерітінді өндірушісі ұсынған арнайы нұсқаулықтарды қараңыз.

- Су
- 10% Clorox® ағартқыш ерітіндісі
- Изопропил спирті
- Cidex® 2,4% белсендірілген диальдегид ерітіндісі
- Сабын мен су

ТӨСЕМДЕРДІ ТАЗАЛАУ ЖӘНЕ ЗАРАРСЫЗДАНДЫРУ

Төмен дәрежелі зарарсыздандыру үшін өндіруші ұсыныстарын басшылыққа ала отырып, құрамының төрттен бір бөлігі аммонийден тұратын зарарсыздандырығыш/тазалағыш ерітіндінің көмегімен құрылғыны пайдаланып болғаннан кейін міндетті түрде тазалап, зарарсыздандырыңыз.

КҮНДЕЛІКТІ ТЕКСЕРІС

Томографиялық қондырманың қосылымдарында майысқан немесе зақымдалған жерлердің жоқ екенін тексеріңіз.

Педиатрлық үстелдің қосылымдарында майысқан немесе зақымдалған жерлердің жоқ екенін тексеріңіз.

Томографиялық қондырманың тірек аяғында (орнатылса) ешқандай майысқан немесе зақымдалған жерлердің жоқ екенін тексеріңіз және аяқтың ысырмалары мен телескоптық қозғалысы дұрыс істеп тұрғанын тексеріңіз.


Қандай да бір аксессуарды орнатпас бұрын, операциялық үстелдің томографиялық қондырмаға қосылатын жері зақымдалмағанын немесе бүгіліп қалмағанын тексеріңіз.


Қандай да бір керек-жарақты орнатпас бұрын, операциялық үстелдің педиатрлық үстелге қосылатын жері зақымдалмағанын немесе бүгіліп қалмағанын тексеріңіз.

Төсемдерде қалдықтың жоқ екендігін, түсі оңып кетпегенін және жыртылып қалмағанын тексеріңіз. Төсемде қандай да бір қалдық (биоматериал) болса, тазалаңыз, ал егер түсі оңып кетсе немесе жыртылса, ауыстырыңыз.



440 Church Road
Avondale, PA 19311 USA
www.Qfix.com

 +1 610.268.0585 / 800.526.5247

 +1 610.268.0588 / 800.831.8174

 sales@Qfix.com

2007720_KK_C
2020-05